

№1 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 29.08.2024ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасының 2023–2024 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық есебі.
2. 2024–2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарымен таныстыру.
4. Әр түрлі мәселелер:
 - күн тәртібін бекіту;
 - ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту;
 - перспективалық жоспарды бекіту;
 - циклограмманы бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша балабақша Әдіскер Жүрсін Н.Б. сөз сөйлеп, 2023–2024 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық есебін таныстырды. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарға талдау жасап, педагогтердің жетістіктеріне, тәрбиеленушілердің байқаулар мен іс-шараларға қатысу нәтижелеріне тоқталды. Материалдық-техникалық базаның нығаюы мен ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет берді.
Сөйледі : Меңгеруші Мырсейтова Э.С. өткен оқу жылында педагогтердің кәсіби белсенділігі артқанын атап өтті.

Сөйледі : Тәрбиеші Ахмедова М. оқу жылының нәтижелері қанағаттанарлық екенін айтып, ұжым жұмысына оң бағасын берді.

2-мәселе бойынша меңгерушісі Мырсейтова Э.С. 2024–2025 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Жоспардың негізгі бағыттары, мақсат-міндеттері және күтілетін нәтижелері баяндалды.

Сөйледі : Тәрбиеші Кенжеева Ұ. жылдық жоспардың мазмұны заман талабына сай құрылғанын айтты.

Сөйледі : Тәрбиеші Аманкелді К. жоспардағы іс-шаралардың педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететінін жеткізді.

